«8D03205 Архивтану, құжаттану және құжаттаманы басқаруды қамтамасыз ету» білім беру бағдарламасы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесіне іздену үшін ұсынылған Шотаев Мади Турсынбековичтің «Қазақстан Республикасы Президенті Архивінің партиялық қорларындағы «ерекше папкалардың» құжаттары: тарихи-архивтанулық зерттеу (1937-1991)» тақырыбындағы диссертациялық жұмысына ресми

РЕЦЕНЗЕНТТІҢ ЖАЗБАША ПІКІРІ

р/н №	Өлшемшарттар	Өлшемшарттарға сәйкестігі (жауап нұсқаларының бірін сызу)	Ресми рецензенттің ұстанымына негіздеме (ескертуді курсивпен көрсету)
1.	Диссертация тақырыбының (бекіту күніне) ғылымның даму бағыттарына және/немесе мемлекеттік бағдарламаларға сәйкес болуы	1.1 Ғылымды дамытудың басым бағыттарына және/немесе мемлекеттік бағдарламаларға сәйкестігі:	«8D03205 Архивтану, құжаттану және құжаттаманы басқаруды қамтамасыз ету» білім беру бағдарламасы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін алу үшін орындалған диссертациялық жұмысы ғылымның даму бағыттырына бағытталған және «Рухани жаңғыру», «Үлы даланың жеті қыры» мемлекеттік бағдарламалардың бағытына сәйкес келеді. Зерттеу жұмысында Кеңестік дәуірдегі Қазақстан Компартиясының құпия құжаттарына тарихи-архивтанулық тұрғдан талдау жасалған.
		1) диссертация мемлекет бюджетінен қаржыландырылатын жобаның немесе нысаналы бағдарламаның аясында орындалған (жобаның немесе бағдарламаның атауы мен нөмірін көрсету);	Диссертациялық жұмыс автордың хеке бастамасымен орындалған, мемлекет бюджетінен қаржыландырылатын ғылыми жоба немесе иақсатты бағдарламаларға қатысы жоқ. Диссертациялық жұмыс мемлекет бюджетінен»
		2) диссертация басқа мемлекеттік бағдарлама аясында орындалған (бағдарламаның атауын көрсету);	

		3) диссертация Қазақстан Республикасының Үкіметі жанындағы Жоғары ғылыми-техникалық комиссия бекіткен ғылым дамуының басым бағытына сәйкес (бағытын көрсету) келеді.	қаржыландырылатын немесе нысаналы бағдарлама аясында орындалған жоқ. Диссертациялық жұмыс Қазақстан Республикасында ғылымды дамытудың 2023-2029 жылдарға арналған тұжырымдамасында айқындалған «Әлеуметтік және гуманитарлық ғылымдарды дамыту» бағытына сәйкес орындалды. Диссертация Қазақстан Республикасы үкіметі жанындағы Жоғары ғылыми-техникалық комиссия бекіткен ғылым дамуының басты бағытына сәйкес келеді.
2.	Ғылым үшін маңыздылығы	Жұмыс ғылымға елеулі үлесін қосады/қоспайды, ал оның маңыздылығы ашылған/ашылмаған.	Зерттеу жұмысы ғылымға елеулі үлесін қосады. - Жұмыста Қазақстан Республикасы Президенті Архивіндегі партиялық қорларындағы «ерекше папакалар» құжаттарына алғаш рет тарихи-архивтанулық зерттеу жүргізілді. - партиялық архивтердің қалыптасуы сипатталған. - «Ерекше папка» грифінің пайда болу себептері және атқарған роліне түсініктеме берілген. - партиялық құжаттарды пайдалану және ғылыми айналымға енгізу мәселелері қарастырылған. 1. Қосады.
3.	Өзі жазу принципі	Өзі жазу деңгейі: 1) **жоғары;**	Шотаев Мәди Тұрсынбекұлының диссертациялық жұмысты өзі жазу

		2) орташа; 3) төмен; 4) өзі жазбаған.	деңгейі жоғары. Диссертацияның негізгі бөлігі автордың жүргізген зерттеу жұмыстарынан тұрады. Ғылыми әдебиеттер мен архивтік құжаттар сараланып, талдау жасалынған. «Ерекше пакалар» құжаттары құрамы ашып көрсетіліп, мазмұны және корреспонденциялық белгісіне қарай жүйеленген. 1. Жоғары;
4.	Ішкі бірлік принципі	4.1 Диссертация өзектілігінің негіздемесі: 1) **негізделген;** 2) ішінара негізделген; 3) негізделмеген.	Диссертациялық жұмыстың өзектілігі кіріспеде негізделген. Бұл ғылыми еңбектің тақырыбы өте өзекті және дер кезінде қолға алынған тақырып. Оған бірінші себеп ұзақ уақыт қол жетімсіз болып келген Компартияның құпия құжаттарын ғылыми айналымға енгізу қажеттілігі. 70 жыл бой тоталитарлық жүйенің республикадағы жоғары басқару органы болып табылған Қазақстан Компартиясының ОК-нің қызметі республиканың саяси, әлеуметтік-экономикалық, мәдени өмірінің барлық аспектілерін қамтыды. Сондықтан «реркше папкалар» құжаттарының ақпараттық құндылығы өте жоғары және тарих ғылымындағы саяси-идеологизация нәтижесінде зерттелмей қалған тарихымыздағы ақтаңдақтар,

			қарама-қайшылықтар мен келеңсіздіктерді терең зерттеуге мүмкіндік береді. 1. Негізделген.
		4.2 Диссертация мазмұны диссертация тақырыбын айқындайды: 1) **айқындайды;** 2) ішінара айқындайды; 3) айқындамайды.	Диссертациялық жұмыстың мазмұны тақырыпты толық ашады. Зерттеу жұмысы кіріспеден, үш тараудан, қорытындыдан, пайдаланылған әдебиеттер тізімі мен қосымшалардан тұрады. Ғылыми нәтижелері мен тұжырымдары зерттеудің мазмұнын айқындайды. Сонымен қатар, зерттеу барысында жасалған тұжырымдар диссертация тақырыбымен тікелей байланысты және оның мазмұнын ашады. Диссертацияның мазмұны зерттеу тақырыбын толық сәйкес келеді. 1. Айқындайды.
		4.3. Мақсаты мен міндеттері диссертация тақырыбына сәйкес келеді: 1) сәйкес келеді. 2) ішінара сәйкес келеді; 3) сәйкес келмейді.	Диссертациялық жұмыстың мақсаты мен міндеттері зерттеу тақырыбында қойылған мәселені шешуге толық сәйкес келеді. Зерттеу мақсаты - «ерекше папкалар» құжаттарын тарихи - архивтанулық тұрғыдан талдау диссертация тақырыбын дәл бейнелейді. Мақсатты жүзеге асыру үшін қойылған міндеттер: – партиялық архивтердің қалыптасуы және партиялық

			құжаттардың жинақталуы және архивтерде сақталуы, партиялық құжаттарды ғылыми айналымға енгізу және оларды пайдаланудың кеңестік және тәуелсіздік кезеңдеріндегі ұйымдастырылуы барысын қарастыру; – «ерекше папка» грифінің пайда болу тарихнамасын талдау және атқарған ролін анықтау; – «ерекше папкалар» құжаттарына түрлік сыныптау жүргізу; – «Ерекше папкалары» құжаттары тізімдемелеріне архивтік сипаттама жасау арқылы «ерекше папкалардың» тізімдемелерінің архивтік қор қалыптастырудың ғылыми және әдістемелік нормаларына сәйкестігін талдау; – «Ерекше папкалар» кешені істерінің қалыптастырылу ерекшеліктерін қарастыру; – XX ғасырдағы Қазақстан тарихын зерттеудегі «ерекше папкалардың» ақпараттық құндылығын ондағы қарастырылған мәселелерді жүйелеу арқылы көрсету. Барлық тараулар мен бөлімдер бір-бірімен логикалық тұрғыда байланыса отырып тақырыптың мақсаты мен міндеттерін ашады. 1.Сәйкес келеді.

		4.4. Диссертацияның барлық бөлімдері мен ережелері логикалық байланысқан:	Диссертацияның барлық бөлімдері мен құрылымы бір-бірімен толық байланысқан. Тараулар мен тармақшалардың қорытындылары үндеседі. Қазіргі таңдағы дереккөздерді сыныптау мен жүйелеудің заманауи әдістерін пайдалана отырып «ерекше папкалар» құжатттарына сипаттама берілген. Сондай-ақ қосымшалар сараптаманың дәлелдік базасы ретінде көрсетілген. Ізденушінің қол жеткізген нәтижелері бірін-бірі толықтыра отырып, өзара құрылымдық сабақтастығынан ауытқымай, жүйелі түрде жасалған пайымдауларыеібектің маңыздылығын арттырады. 4.4. Толық байланысқан.
		1) **<u>толық байланысқан;</u>**	
		2) ішінара байланысқан;	
		3) байланыс жоқ.	
		4.5 Автор ұсынған жаңа шешімдер (қағидаттар, әдістер) дәлелденіп, бұрыннан белгілі шешімдермен салыстырылып бағаланған:	Диссертациялық жұмыста автор ұсынған жаңа шешімдер бұрыннан белгілі шешімдермен бірге қарастырып сыни талдау жасаған. Әдіс-тәсілдер орынды қолданып, тарихи фактілерге негізделген ойларын жұмысында тұжырымдап баяндаған. Зерттеу жұмысының ерекшелігіне байланысты партиялық архивтер мен құжаттардың қалыптасуы, сақталуы, қол жетімділігі мен ғылыми айналымға енгізу дәрежесі
		1) **<u>сыни талдау бар;</u>**	
		2) талдау ішінара жүргізілген;	
		3) талдау өз пікіріне емес, басқа авторлардың сілтемелеріне негізделген;	
		4) талдау жоқ.	

			басқа елдер тәжіріибелермен салыстырмалы түрде талданған. 1. Сыни талдау бар.
5.	Ғылыми жаңашылдық принципі	5.1 Ғылыми нәтижелер мен ережелер жаңа ма?	Диссертациялық жұмыстың ұсынылған ғылыми нәтижелер мен қағидаттары толығымен жаңа деп бағалауға лайық. Автор: - партиялық архивтердің қалыптасу кезеңдерін периодизациялап, үш кезеңге бөліп қарастырады; - «ерекше папкалардың» пайда болу алғышарттарын ашып көрсетеді; - «Ерекше папкалардың» тізімдемелерінің архивтік қор қалыптастырудың ғылыми және әдістемелік нормаларына сәйкестігі талданып, оларды жетілдіру бойынша ұсыныстар жасайды; - «Ерекше папкалар» құжаттар кешенінің істерінің қалыптастырылу ерекшеліктері ғылыми-әдістемелік тұрғыда қарастырады; . XX ғасырдағы Қазақстан тарихын зерттеудегі «ерекше папкаларда» қарастырылған мәселелер тақырыптық белгісіне қарай топтастырылып, жүйелейді. Бұл нәтижелер бұрынғы отандық зерттеулерде жүйелі түрде қарастырылмаған және зерттеу объектісіне бейімделген жаңа ғылыми ережелерді қалыптастыруға
		1) **толығымен жаңа;**	
		2) ішінара жаңа (25-75% жаңа);	
		3) жаңа емес (жаңасы 25%-дан кем).	

			мүмкіндік береді. Осыған байланысты, диссертацияда алынған ғылыми нәтижелер мен ұсынылған тәсілдер өз саласында толығымен жаңа деп есептеледі. 1. Толығымен жаңа.
		5.2 Диссертацияның қорытындылары жаңа ма?	Диссертациялық жұмыстың қорытындылары өзінің ғылыми жаңалығымен ерекшеленеді және зерттеу барысында алынған жаңа әдістемелік тәсілдер мен шешімдерге негізделген. Автор ұсынған еліміздің тарихындағы маңызды кезеңдерді қамтитын «ерекше папкалар» құжаттарының ақпараттық мазмұнына Қазақстан тарихын зерттеуде деректанулық және архивтанулық тұрғыдан жүргізілген кешенді түрдегі талдау – отандық ғылымда алғаш рет жүйелі түрде жасалған тұжырым. Зерттеу қорытындылары бұрынғы зерттеулерде жан-жақты қарастырылмаған және партиялық құжаттарға деген жаңа ғылыми көзқарастың қалыптасуына ықпал етеді. Сондықтан, диссертация қорытындылары мазмұны мен ғылыми маңызы жағынан жаңа болып табылады. 1. Толығымен жаңа.
		1) **<u>толығымен жаңа;</u>**	
		2) ішінара жаңа (25-75% жаңа);	
		3) жаңа емес (жаңасы 25%-дан кем).	

		5.3 Техникалық, технологиялық, экономикалық немесе басқару шешімдері жаңа және негізделген бе?	Диссертациялық жұмыс «8D03205 Архивтану, құжаттану және құжаттаманы басқаруды қамтамасыз ету» білім беру бағдарламасы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін алу үшін ұсынылған және гуманитарлықбағыт бойынша әзірленгендіктен, техникалық, технологиялық, басқару шешімдерін талқылауды мақсат етпейді. 1. Толығымен жаңа.
		1) **толығымен жаңа;**	
		2) ішінара жаңа (25-75% жаңа);	
		3) жаңа емес (жаңасы 25%-дан кем).	
6.	Негізгі қорытындылардың негізділігі	Барлық негізгі қорытындылар ғылыми тұрғыдан қарағанда ауқымды дәлелдемелерде **негізделген/**негізделмеген (qualitative research (куолитатив ресеч) және өнер және гуманитарлық ғылымдар бойынша даярлық бағыттары үшін).	Диссертациялық зерттеудің барлық негізгі қорытындылары ғылыми тұрғыдан жан-жақты дәлелденген және сенімді деректерге негізделген. - Зерттеу нәтижелері ғылыми қауымдастыққа таныстырылып, отандық және шетелдік басылымдарда жарияланды. Негізделген.
7.	Қорғауға шығарылған негізгі ережелер	Әрбір ереже бойынша келесі сұрақтарға жеке жауап беру қажет:	7.1 Қорғауға шығарылған негігі қағидаттары толығымен дәлелденген; 7.2. Тривиалды емес; 7.3. Қағидаттар жаңа; 7.4. Қолдану деңгейі кең; 7.5. Мақалада дәлелденген. Диссертациялық жұмыстың басты мәселелері мен негізгі
		7.1 Ереже дәлелденді ме?	
		1) **дәлелденді;**	
		2) шамамен дәлелденді;	
		3) шамамен дәлелденбеді;	
		4) дәлелденбеді;	
		5) бұл тұжырымда ереженің дәлелденгенін тексеру мүмкін емес.	

		7.2 Тривиалды ма?	қорытындылары бойынша 11 ғылыми мақала, оның ішінде 3 мақала ҚР Ғылым және жоғары білім министрлігінің Ғылым және жоғары білім саласында сапаны қамтамасыз ету комитеті тарапынан ұсынылған басылымдарда, 1 мақала Scopus базасына енген журналда, 1 мақала Шығыс және Орталық Европа институтының жылнамасында, 4 мақала халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференция материалдарының жинақтарында және 2 мақала «Жаңа архив» ғылыми-әдістемелік журналында жарияланды.
		1) ия;	
		2) **жоқ;**	
		3) бұл тұжырымда ереженің тривиалды екенін тексеру мүмкін емес.	
		7.3 Жаңа ма?	
		1) **ия;**	
		2) жоқ;	
		3) бұл тұжырымда ереженің жаңашылдығын тексеру мүмкін емес.	
		7.4 Қолдану деңгейі:	
		1) тар;	
		2) орташа;	
		3) **кең**	
		4) бұл тұжырымда ереженің қолдану деңгейін тексеру мүмкін емес.	
		7.5 Мақалада дәлелденген бе?	
		1) **ия;**	
		2) жоқ	
		3) бұл тұжырымда мақаладағы ереженің дәлелденгенін тексеру мүмкін емес.	
8.	Дәйектілік қағидаты.	8.1 Әдіснаманы таңдау – негізделген немесе әдіснама нақты жазылған:	Диссертациялық жұмысты дайындау барысында қолданылған әдіснама негізделген ғылыми талаптарға сай және зерттеу мақсаттарына толық сәйкес келеді. Жұмыстың әдіснамалық негізін нысанды сол кезеңдегі тарихи даму процесімен бірге қарастыратын тарихилық принципі және құжаттарға деректанулық пен тарихнамалық талдау жүргізу үшін
	Дереккөздер мен ұсынылған ақпараттың дәйектілігі	1) **ия;**	
		2) жоқ.	

			маңызы зор ғылыми объективтілік принциптері құраған. Сонымен бірге деректанулық, нақты-тарихилық, тарихи-салыстыру, тарихи-архивтанулық, дереккөзтанушылық зерттеулердің дәстүрлі әдістері қолданған. Әдіснамалық негіздеме нақты көрсетілген: Автор қолданған әдістер мен тәсілдер зерттеу міндеттерін шешуге бағытталып, ғылыми нәтижелердің дәлдігі мен сенімділігін қамтамасыз етеді. Осылайша әдіснамалық база жақсы құрылымдалған, нақты және ғылыми тұрғыдан дәлелденген. 1. Иә.
		8.2 Диссертация жұмысының нәтижелері компьютерлік технологияларды қолдану арқылы ғылыми зерттеулердің қазіргі заманғы әдістері мен деректерді өңдеу және интерпретациялау әдістемелерін пайдалана отырып алынған:	Диссертациялық жұмыстың ғылыми зерттеулердің заманауи компьютерлік технологияларды қолдану, сонымен қатар деректерді өңдеудің және интерпрециялаудың қазіргі заманғы әдістемелерін пайдаланған. Ізденуші «ерекше папкалар» істер санының динамикасының өсу ретін компьютерлік технологияны қолдана отырып есептеген. Бұл тәсілдер алынған нәтижелердің ғылыми негізділігін, нақтылығын және практикалық құндылығын арттырады.
		1) **ия;**	
		2) жоқ.	

			1. Иә.
		8.3 Теориялық қорытындылар, модельдер, анықталған өзара байланыстар және заңдылықтар эксперименттік зерттеулермен дәлелденген және расталған (педагогикалық ғылымдар бойынша даярлау бағыттары үшін нәтижелер педагогикалық эксперимент негізінде дәлелденеді):	Диссертациялық жұмыста теориялық тұжырымдар, өзара байланыстар мен заңдылықтар эксперименттік зерттеулер арқылы дәлелденген және расталған. Теориялық қоорытындылар, тұжырымдар нақты материалдарға және кейінгі зерттеушілердің пікірлерін салыстыра отырып дәлелденген және расталған. 1. Иә.
		1) **ия;**	
		2) жоқ.	
		8.4 Маңызды мәлімдемелер нақты және сенімді ғылыми әдебиеттерге сілтемелермен расталған / ішінара расталған / расталмаған.	Маңызды мәлімдемелер нақты және сенімді ғылыми әдебиеттерге сілтемелер арқылы расталған. Диссертациялық жұмыстың теориялық, методолгиялық негізі дұрыс. Зерттеу жұмысында көрсетілген құнды мәліметтер сенімді және нақты. Ғылыми әдебиеттерге сәлтеме жасалған. Қарастырылып отырған мәселе бойынша басқа зерттеушілердің еңбектері талданып, архивтік материалдармен де жұмыс жасалған. 1. Расталған.
		8.5 Пайдаланылған әдебиеттер тізімі әдеби шолуға **жеткілікті**/жеткіліксіз.	Диссертациялық жұмыста қамтылған әдебиеттер тізімі 209 библиографиялық сипаттамадан тұрады. Ізденуші шетелдік және отандық ғалымдардың еңбектерін, халықаралық стандарттар мен

			нормативтік құжаттарды, сондай-ақ заманауи ғылыми мақалаларды ұтымды пайдалана отырып, әдеби шолуды мазмұнды және ғылыми негізделген деңгейде жүзеге асырған. Әдебиеттер арасында: - партиялық архивтер мен партиялық құжаттар бойынша іргелі зерттеулер; - архивтану, архив ісіне қатысты еңбектер; - деректану, дереккөздерді сыныптау және жүйелеу мәселелері туралы зерттеулер; - ауа көшушілер, депортация, эвакуация туралы тарихи еңбектер қамтылған. Пайдаланылған әдебиеттер мазмұны диссертациялық зерттеу мақсаттарын дәлелді негіздеуге және ғылыми тұжырымдарды растауға толық мүмкіндік береді. 1. Жеткілікті.
9	Практикалық құндылық қағидаты	9.1 Диссертацияның теориялық маңызы: 1) **бар;** 2) жоқ.	Диссертациялық жұмыстың теориялық маңызы бар. Зерттеуде ұсынылып отырған нәтижелері отандық архивтану және тарих ғылымдарының дамуына өз үлесін қосады. Зерттеу барысында пайдаланылған теориялық-методологиялық ұстанымдары мен принциптерін келешекте

			жүргізілетін басқа да зерттеулерде пайдалануға болады. 1. Бар.
		9.2 Диссертацияның практикалық маңызы бар және алынған нәтижелерді практикада қолдану мүмкіндігі жоғары:	Диссертациялық жұмыстың практикалық маңызы бар, кеңестік дәуірдегі басқару жүйесінің механизмдері мен партиялық басқарушы органдарда іс жүргізу, сондай-ақ құпиялық грифтерінің ерекшеліктерін жан жақты ашып көрсету еліміздің кеңестік кезеңдегі тарихын зерттеуде, оқулықтар жазуда кеңінен пайдалануға болады. 1. Иә.
		1) ия;	
		2) жоқ.	
		9.3 Практикалық ұсыныстар жаңа ма?	Практикалық ұсыныстар мазмұны жағынан жаңалыққа ие, себебі отандық тарих ғылымында кеңестік кезеңдегі жоғары билік органдарының құпия құжаттары толығымен анықталып зерттеліп болған жоқ. Бұл зерттеу 1937-1991 жылдары Қазақстандағы жоғары билік органы болып табылған Қазақстан Компартиясы ОК-нің аса маңызды құпия құжаттарына заман талабына сай тарихи-архивтанулық талдау жасалған еңбек болып табылады. 1. Толығымен жаңа.
		1) толығымен жаңа;	
		2) ішінара жаңа (25-75% жаңа);	
		3) жаңа емес (жаңасы 25%-дан кем).	
10.	Жазу және ресімдеу сапасы	Академиялық жазу сапасы:	Диссертацияның академиялық жазу деңгейі жоғары, жұмыс дербес әрі толық аяқталған ғылыми зерттеу болып табылады. Зерттеу нақты
		1) жоғары;	
		2) орташа;	
		3) орташадан төмен;	

		4) төмен.	ғылыми мәселелерді шешуге бағытталған, құрылымы логикалық және түсінікті. Ізденуші ғылыми стильді қатаң сақтап, терминологияны дәл қолданған.Пайдаланылған әдебиеттерге сілтемелер барлық талаптарға сәйкес келіп, диссертацияның мазмұны мен құылымы PhD дәрежесін алу үшін қажетті рәсімдеу стандарттарына толық сәйкес келеді.
11.	Диссертацияға ескертулер		Диссертацияға ескерту жоқ.
12.	Докторант мақалаларының зерттеу тақырыбы бойынша ғылыми деңгейі (диссертация мақалалар сериясы нысанында қорғалған жағдайда ресми рецензенттер докторанттың зерттеу тақырыбы бойынша әр мақаласының ғылыми деңгейін зерделейді)		Ізденушінің ғылыми мақалалары диссертациялық зерттеу тақырыбына сәйкес және жоғары ғылыми деңгейде орындалған. Жарияланымдарда Қазақстан Компартиясы Орталық Комитеті «ерекше папкалар» құжаттарын тарихи-архивтанулық тұрғыдан талдау мәселесі зерттеудің өзекті бағыты ретінде қарастырылып, «ерекше папкалар» құжаттарын тарихи дереккөз ретінде сипаттайды. Автор өз еңбектерінде партиялық архивтердің құрылуы мен қызметін, партиялық құжаттардың пайда болуы мен сақталуын, «ерекше папкалар» құжаттарының құрамын, архивтік тізімдемелерінің рәсімделуін, ерекше папкалар істерінің

			қалыптасу ерекшеліктерін сипаттайды. Сонымен қатар, посткеңестік елдердегі партиялық құжаттардың ұлттық архив қорына интеграциялануы мен ғылыми айналымға ендіру мәселелері талданған, бұл зерттеудің ғылыми-практикалық құндылығын арттырады.
13.	Ресми рецензенттің шешімі (осы Үлгі ереженің 28-тармағына сәйкес)		Шотаев Мәди Тұрсынбекұлының «8D03205 – Архивтану, құжаттану және құжаттаманы басқаруды қамтамасыз ету» білім беру бағдарламасы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін беруді қолдаймын.

Ресми рецензент:
М.Әуезов атындағы
Оңтүстік Қазақстан университеті» КеАҚ
«Қазақстан тарихы» кафедрасының доценті, PhD
(жұмыс орны, ғылыми дәрежесі)

(қолы)

Батырбекқызы Гауһар
(Аты-жөні)

М.ӘУЕЗОВ АТЫНДАҒЫ ОҢТҮСТІК ҚАЗАҚСТАН УНИВЕРСИТЕТІ * КОММЕРЦИЯЛЫҚ ЕМЕС АКЦИОНЕРЛІК ҚОҒАМЫ * ҚЫЗМЕТКЕРЛЕРМЕН ЖҰМЫС ЖҮРГІЗУ БАСҚАРМАСЫ

ҚОЛЫН РАСТАЙМЫН
ҚЖЖ бөлімінің
басшысы